


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№ 6, 2018

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. - Астана, 2017 - 508 б.


Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты бұл кітабы тарихи публицистика жанрында жазылған, ол еліміздің жаңа тарихы мен оның ертеңіне деген автордың көзқарасын танытады. Егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен тетіктері егжей-тегжейлі баяндалады.

Кітапта «қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген. Бірінші және екінші жаңғырту аясында тоталитарлық, жүйеден түбегейлі ажырап, нарықтық экономиканы құру және бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті мерзімінен бұрын орындалды. Үшінші жаңғыртудың мақсаты - елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қатарына қосу.




Абаев Д. Президент: 2016 жылғы басты оқиғалардың фотобаяны / Президент: фотолента основных событий 2016 года. © Автор Д. Абаев-Алматы. ТОО «Алматы Принт», 2017. - 384 с.

Бұл кітапта (фотоальбомда) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен 2016 жылы ел ішінде және халықаралық аренада өткен маңызды іс-шаралардың фотоматериалдары жинақталған.




А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017.-752 бет.

Кітапқа Ахмет Байтұрсынұлының әр жылдары түзетіліп, өңделіп, толықтырылып отырған «Тіл - құрал» атты тіл танытқыш кітаптары, «Әдебиет танытқыш», қазақ тіліне қатысты жарық көрген мақалалары, мұрағаттан табылған құжаттар, пікірлер т.с.с. енгізіліп отыр. Еңбекте қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның тілтанымдық мұрасы түпнұсқамен салыстырыла отырып, өзгерістері бары сараланып, жинақталып беріліп отыр.




Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. I том. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. - 800 б.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) - Қазақстан тарихында орны айрықша, маңызы зор қайталанбас тұлға. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың қайнаған ортасында жүріп, ұлт тарихында терең із, өлшеусіз мұра қалдырған Ә.Н.Бөкейхан, өкінішке қарай, бүгінгі жұртшылық үшін бейтаныс тұлға болып келеді. Бірақ елдік таным бұл күйінде қалмасы ақиқат. Патшалық империя мен большевиктік диктатураға қарсы ұлт-азаттық қозғалысын жүйелеген, алты алашты қайта өрлеу идеясы маңына біріктіріп, Қазақ хандығынан басталатын мемлекеттік арқауды жаңа заманға сай жалғаған, Алаш Автономиясының іргетасын көтерген Әлихан болатын.



Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. II том. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. - 904 б.

Бұл томда Алаш көшбасшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан өмірі мен қызметінің 1917-1922 жылдарды қамтитын «Алаш Орда» және 1922-1937 жылдарды қамтитын «Мәскеу қапасы» деп шартты түрде аталған екі кезеңі сипатталады. «Алаш Орда» кезеңінде бұрынғы Қазақ хандығы қирандысынан кейін ұлттық мемлекет іргетасы қайта көтерілсе, мемлекетшілдіктің іргесін нығайтуда, сын тезіне салуда «Мәскеу қапасы» кезеңінің баға жетпес зор тарихи маңызы болды.




Әшімбаев С.Шығармалары. /Құраст: Ш.Бейсенова - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2-кітап.-2017.-400 б.

Өмірден ерте кетсе де артында мол рухани мұра қалдырған белгілі әдебиет сыншысы, мемлекет және қоғам қайраткері Сағат Әшімбаевтың үш томдық шығармалар жинағының бұл екінші томына да туған әдебиетіміздің толғақты мәселелері, сол уақыттағы акын-жазушыларымыздың жеткен жетістіктері мен кемшіліктері жайында 1980-1990 жылдар аралығында жазған әдеби сын мақалалары мен ой-толғамдары енгізілді.



Алаш қайраткері, халық ақыны Жақсылық Төленұлы. Өмірі. Шығармалары. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. - 240 б.

Жинақта Алаш қайраткері, халық ақыны Жақсылық Төленұлының (Джақсылық Тюленев) баспа көрмеген, мұрағаттар мен кітапхана қорларында қолжазба түрінде сақталып келген өлеңдері, «Олжашы батыр», «Қалмақ ханы Қатаған», «Бұлбұл» сынды поэмалары (жырлары), хикаялары, естеліктері және т.б. құнды мұрасы қамтылды.




Құлыяс Табыл. Таңдамалы. Үш томдық / Т. Құлыяс. - Астана: Фолиант, 2017. Т.3. Деректі хикаяттар. - 416 бет.

Белгілі жазушы, сатирик, архив зерттеушісі Табыл Құлыяс бұл кітабында халқымыздың басынан өткен аштық, қуғын-сүргіннің ауыр зардабын, сталинизмнің қанды қасабын құнарлы тілмен, бұлтартпас құжаттармен шынайы баяндаған.




Ахметов А.Қ. Досалы Сұлтан Бұлқайырұлы. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. - 248 бет.

Бүгінге дейін Досалы Сұлтан Е. Пугачев бастаған (1773-1775) шаруалар көтерілісі мен Көрінбейтін адам қозғалысына (1775-1776) жеке мүддесін көздеген қатысушы ретінде белгілі болып келді. Бұл монографиялық зерттеу Досалы Сұлтанның ұлт-азаттық күрестердегі шынайы орны мен рөлін бұлтартпас айғақтар келтіріп дәлелдейді, оның алғашқы болып Ресей империясының қамытынан құтылуға қаймықпай қылышын сермеп көтерілісті ұйымдастырған әккі қолбасшы, мықты саясаткер екендігін көрсетеді.




Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия / Бас. ред. Ж.Тойбаева. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 744 бет.

Энциклопедия аса көрнекті ұлт қайраткері, Алаш қозғалысының рухани көсемі, қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ақын, көсемсөзші, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлына арналған. Энциклопедияға ғалымның өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, ғылыми және әдеби, публицистикалық мұралары жөніндегі мақалалары енгізілді. Сонымен бірге ол туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары туралы да мәліметтер берілді.



Абдрахманов С. Әдебиет әлемі: сөз өнері туралы толғаныстар. - Астана: Фолиант, 2017.-688 бет.


Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі, филология ғылымдарының докторы Саубек Абдрахманов саясат, өнер салаларымен қатар, әдебиет тақырыбындағы еңбектерімен де кеңінен танымал. Алғашқы балаң рецензиясы университетке түспей тұрғанында, сонау 1970 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланғаннан бергі жарты ғасырға жуық уақыт аралығында баспасөз бетінде көптеген ойлы мақалалар жазған, Ғабит Мүсірепов, Сергей Михалков, Шыңғыс Айтматов, Әбіш Кекілбаев, Олжас Сүлейменов сынды көптеген сөз зергерлерімен тағылымды сұхбаттар жасаған, жекелеген мақалалары ағылшын, араб, түрік, өзбек, тәжік тілдерінде басылған көрнекті қаламгер, белгілі ғалымның әдебиетші, сыншы, аударматанушы, эссеші ретіндегі толғаныстары тұңғыш рет жеке кітап күйінде жарық көріп отыр.



Өтен Ахмет. Шығармалары. - Астана: Фолиант, 2017.


Т.1. Ғашық жүрек. Роман-эссе. - 400 б.

Автор бұл жаңа романында өмір мен өнер мәселесін қозғайды. Қоғамдағы кейбір адами қайшылықтардың ұлтымызға тән еместігіне, сырттан күштеп таңылған бұрынғы қиын тағдырымыздан қалған сарқыншақ екендігіне назар аудартып, оқырманды кемелді азаматтың тірліктегі басты миссиясы - бірлік пен татулық, өзара сыйластық және шынайы махаббат пен отбасының тұтастығы үшін күресе білуі деген ұлағатты ойға жетелейді.




Өтен Ахмет. Шығармалары. Үш томдық. - Астана: Фолиант, 2017. - Т.2. Шақшақ шерлі: әңгімелер мен аудармалар. - 592 б.

Жазушы шығармаларының екінші томына қырыққа жуық әңгімесі мен аудармалары еніп отыр. Онда мезгіл жағынан жарты ғасырдан астам уақыт қамтылып, студент, шахтер, құрылысшы, шопан, балықшы, мұғалім, шенеунік, қуғын-сүргін құрбаны, жауынгер солдат, депутат сынды қоғамдық ортада алуан түрлі орны бар адамдар өмірінен сыр шертіліп, солардың әр қилы тағдырлары арқылы әр түрлі саяси-әлеуметтік ахуалды бастан кешкен еліміздің бүкіл тіршілік тынысының кең панорамасы жасалған. Сонымен қатар әңгімелерде ұлт тағдыры, елдік мәселелер де қозғалады.



Сөз сыны. Тіл туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Жинақ. Қазақ тіліне аударған, алғысөзін жазған Е.Тілешов. - Астана: Ш.Шаяхметов атынд. тілдерді дамытудың респ. үйлестіру-әдіст. орт., 2017.- 172 бет.

Бұл жинаққа әлем халықтарының мақал-мәтелдері, әр дәуірде өмір сүрген ойшылдардың, қаламгерлердің, ғалымдардың қанатты сөздері енгізілді. Мұндай сөздерде тілдің табиғаты, адам және қоғам өміріндегі орны, ұлтты ұйыстырушылық мақсаты, жаратылысты түсіну мен жеткізудегі мәні туралы айтылған.




Әбілғазыұлы А. Қасиетпен қауышу - Алматы, 2017.- 200 б.

Бұл жинақта өзін тану арқылы Өмір тануға, өміртану арқылы Ақиқатқа ұмтылу талпынысы бар. Автор өзін танудың өзегі ұлтын тануда жатқанын, ал төл ұлтының қадір-қасиетін сезіну мен бойға сіңіру — жетілудің шарты екенін меңзейді. Сондай-ақ, Махаббат, Достық ұғымдарының түп мәніне үңіліп, сол арқылы «Өмір мәні неде?» деген мәңгілік сауалға жауап іздейді.




Қожабаев Жұмаділла Ілиясұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Қ.Қ. Баймағамбетова, биология ғылымдарының докторы доцент, М.С. Құдайбергенов, биология ғылымдарының докторы, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Н.І. Қожабаев, журналист, Ғ.А. Ерғалиева, библиограф. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Ғ.И. Белгібаева, А.Ж. Сақанова. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапхана, 2017.- 68 б.

Қожабаев Жұмаділла Ілиясұлы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының Бас директоры, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ауылшаруашылығы ғылымдары академиясының және Монғолия аграрлық ғылым академиясының академигі, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі.



Сыдықов Е., Артықбаев Ж. Әнет баба: ғұмыры мен заманы. - Астана: «Фолиант» баспасы, 2017.-256 б.


Бұл кітап хандық дәуірінде жасаған, қазақтың әрі би, әрі ғұламасы, Орта жүздің ел ағасы болған атақты Әнет баба туралы. Мұндағы деректер мен мағлұматтар өте көне кезеңдерден бастау алып, XVIII ғасырдың басындағы күрделі саяси жағдайларды сипаттаумен аяқталады. Кітапқа Ұлы дала тарихында айрықша із қалдырған, шиеленісті дәуірдің қиын да қызықты саяси мәселелерінің басы-қасында көрінетін, көп жағдайда үлкен жауапкершілік көтерген ірі тұлғалар арқау болды.



Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық / С. Әбенбаев, Г. Ахметова. - Астана: Фолиант, 2017. - 312 б.


Оқулықтың көздеген негізгі максаты - педагогикалық оқу орындарының студенттеріне және мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын жаңа бастаған педагог-ұстаздарға тәрбие жұмысының теориялық-әдістемелік аспектілерін меңгерту.

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің оқу стандартына сай жазылды.



Әлихан Бөкейхан: библиографиялық көрсеткіш: 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлім / ҚР Ұлттық кітапханасы; құраст.: С.Б. Балғымбаева, Д.А. Қыстаубаева, М. Оқап, С.А. Жүсіп; ғылыми ред. С.А. Жүсіп; ред. Ә.Ш. Сәйдембаева.- Алматы, 2017,- 285 б.


Көрсеткіш көмекші құрал ретінде есімдер, басылым аттарының көрсеткіштерімен жабдықталған. Көрсеткіш Әлихан мұраларын зерттеушілерге, тарих, мәдениет саласының қызметкерлеріне арналған.



Достияров А.М. Жылу электр станциялары: Оқулық /А.М. Достияров, Г.М.Тютөбаева. - Астана. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің баспасы, 2017, 152 б.


Оқулық энергетикалық оқу орындарының «Жылуэнергетика» мамандығы студенттері үшін оқулық болып табылады.

Бірінші бөлімде жылу және электр энергиясын өндіру және пайдалану туралы қарастырылған. Екінші бөлімде отынмен қамтамасыз ету және ЖЭС қондырғылары туралы жазылған, үшінші бөлімде ЖЭО-ның жылулық сипаттамалары жайлы келтірілген. Төртінші бөлімде ЖЭС-тің құрылымы, бас жоспары және құрылғылары туралы берілген.



Иманова А.С. Жұлдызды жолдың сардары. - Алматы, 2017. - 150 бет.


Бұл кітап ұлттың рухын көтеруші жазушы-болашақгер, Жүніс Сақұрпағы жайлы жазылған. «Қазақтың Жюль Верні» атанған Жүніс Сақұрпағының балалық шағы мен «бабалық» жасына дейінгі әрекеттері мен тірліктері осы кітапта баяндалады.



Турашева С.Қ. Биотехнология негіздері: жоғары және төмен сатыдағы өсімдіктер биотехнологиясы: оқу құралы / С.Қ. Турашева, Г.И. Ернazarова. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 402 б.


Өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, медицина салаларында жоғарғы және төменгі сатыдағы өсімдіктер биотехнологиясын қолданудың теориялық негіздері және қолданбалы аспектілері оқу құралында қарастырылады.

Кітапта төменгі сатыдағы және жоғарғы сатыдағы өсімдік жасушалары мен ұлпаларды жасанды жағдайда өсірудің негізгі принциптері мен әдістері толық қамтылған. Өсірілетін өсімдік жасушаларының генетикалық, биохимиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне негізделген өсімдік биотехнологиясында қолданылатын жаңа әдістері мен тәсілдері қарастырылған.



Кабылдинов З.Е. Астана тарихы. — Алматы: Атамұра, 2017. — 336 б.


Кітап «ЭКСПО-2017» ашылуы қарсаңында және астананың Алматыдан Ақмолаға (Астанаға) көшірілгеніне 20 жыл толу мерейтойына орай жазылған. Мұнда ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Астана қаласының тарихы баяндалады. Автор танымдық мазмұндағы туындыға мұрағат құжаттарын, жазбаша және фольклор деректеріне М. Әбсеметов, Н.Ж. Агубаев, Ғ.А. Алпысбаева, К. Әмірова, Б. Досанова, А. Дубицкий, М. Құсайынов, Ж.К. Касымбаев, Д. Қамзабекұлы, А. Смайыл, Б. Шахманов және Астананың тарихын зерттеуші өлкетанушылар мен ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді.



Полымбетова Ф.


Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. Ш. 114.-314 б.

Бұл кітапта дәнді дақылдардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігі мен өнімділігін арттыруды зерттеп, Қазақстанда өсімдіктер физиологиясы ғылыми мектебін қалыптастырған академик. биология ғылымдарының докторы. профессор Фатима Полымбетованың ғылыми мақалалары, әріптестері мен ізбасар шәкірттерінің, туған-туыстарының естеліктері. мұрағат құжаттары, әр жылдардағы суреттер топтамасы ұсынылған.




Ауелбекова Ш.Е. «Мүниәтүл-ғузат»-қаһармандық дәстүр мұрасы: Монография. / Ш. Е. Ауелбекова. - Алматы: «Таңбалы», 2017. - 328 бет

Кітапта мәмлүк-қыпшақ тілінде х. 850 (1446/7) жылдарында көшіріліп қағазға түскен, әскери қару-жарақты қолдануға үйрету мақсатында жазылған сирек қолжазбалардың бірі «Мүниәтүл-ғузат» ескерткіші қазақ тіліне аударылып, сөзбе-сөз аудармасы, еркін аудармасы, сөздігі және тілдік ерекшеліктері ұсынылып отыр.



Әлібекова К. Сіздерге айтар сырым бар. Өлеңдер. Арнаулар. Мақалалар. - Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2017. - 164 бет + 16 бет түсті жапсырмалар.


Бұл кітапқа өткен жылы ғана өмірден озған еңбек ардагері, өмірінің 55 жылын мал шаруашылығына арнап, әр кезеңдерде Алматы облысына қарасты Ұйғыр ауданының экономикалық әлеуетінің көтерілуіне өзіндік үлесін қосқан, әсіресе Ел тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі жылдары екі қожалық ашып, Шарын аулының тұрғындарын жұмыспен қамтуға, жергілікті жағдайда әлеуметтік-мәдени іс-шараларға атсалысып отырған кәсіпкер, II, III дәрежелі Еңбек даңқы ордендерінің иегері Кұлхан Әлібекованың сирек те болса жүрек қалауымен 40 жыл бойы қағазға түсіріп келген жырлары, ол турапы арнайы жазылып, басылым көрген мақалалар енгізілді.



Керім Ш. Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби - ғұлама ғалым, ақын: монография. - Алматы: Нұр-Мұбарак университеті, 2017. - 232 бет.


Монографияда қазақ жерінен шыққан, ислам ғылымдары саласында елеулі еңбектер қалдырған аса көрнекті ғалым Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фарабидің (1286 - 1357) өмірі мен шығармашылығы тың деректер негізінде баяндалады. Кітапта оқымыстының бұрын зерттелмеген туындылары талданып, әлі күнге дейін жарияланбаған қолжазбаларының суреттері ұсынылады.

Қойшыбаев М. Бидай - еліміздің басты байлығы. Ғылыми-сараптамалық жазбалар. Мұрат Қойшыбаев, Алматы, «Дәуір-Кітап» баспасы, 2017. 312 б.



Көпшілік оқырманға арналған осы кітабында автор «жасыл төңкеріс» жасаған Үнді ғалымдарының жетістіктері, өсімдік қорғау құралдарын шығаратын Батыс Еуропа елдері мен Жапония, АҚШ-тың ірі компанияларының озық технологиялары жайлы баяндайды. Алмания, Ұлыбритания мен Швейцария елдерінің шағын шаруа қожалықтары, бидай және майлы дақылдар өсіретін Канаданың ірі фермерлері мен бірлестіктерінің жұмысына тоқталады.

Автор дүниежүзі азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған бидайдың тат аурулары жайлы Иран мен Өзбекстан, Түркия мен Австралияда өткен халықаралық конференцияларға қатысып, алыс және жақын шетел ғалымдарының дақылдың берік сорттарын шығарудағы жетістіктерін баяндайды. Автор Дели, Токио, Киото, Алеппо, Ыстамбұл, İzmir, Петербург, Самарқанд және т.б. көне қалалардың сәулет ескерткіштерінен алған әсерлерін де назардан тыс қалдырмаған.




Тебегенов Т.С.

КЕТЕ-БАЙСАРЫ: ататек тарихы және ұрпақтар жалғастығы. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2018.-480 б.

Қазақ тарихы - ата-бабаларымыздың ежелгі дәуірлерден қазіргі біздің заманымызға жалғасқан, енді Мәңгілік Ел дамуы бағдарындағы болашағымызға ұласатын ұлттық болмысымыздың жарқын жолы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жаңа тарихи кезеңінде сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінде басталып қалыптасқан Қазақтың ататек тарихының дерекнамалық негіздері, ұлттық біртұтастықтағы дамуымыздың шынайы өткен кезеңдері отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары аясында айқын жүйелене бастады.

Бұл кітапта отандық тарих ғылымының тұжырымдары негізге алына отырып, қазақ ұлтын құрайтын Кіші Жүздің Қаракесек ру-тайпалары бірлестігі құрамындағы КЕТЕ-БАЙСАРЫ БАБА және одан тараған, өркендеген ататек-әулет ұрпақтары жүйеленген. КЕТЕ ру-тайпасы ататек ата-бабаларының ежелгі дәуірлерден біздің заманымызға дейінгі тарихи өркендері тың тұжырымдармен бағаланған.




Қойшыбаев М.

**Өмір - өзен немесе ғұмырнама./Мұрат Қойшыбаев, - Алматы:
«Дәуір-Кітап» баспасы, - 2017. - 380 бет.**


Көпшілік оқырманға ұсынылып отырған бұл кітап ғалымның өмір жолынан сыр шертеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында шалғай ауылда дүниеге келіп, орта мектепті тамамдаған жас түлек ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін бітіргеннен кейін ғылым жолын таңдайды. Ерен еңбегінің арқасында ғылым шыңына шығып, кандидаттық және докторлық диссертация қорғайды, профессор атағын алады. Жақын және алыс шетелдерде өткен бірнеше халықаралық конференцияларға қатысып, ғылым саласындағы жетістіктерін таныстырады, бірнеше халықаралық жобалармен жұмыс жүргізіп, елімізге және ТМД аумағына ғана емес, дүниежүзіне танымал ғалым болады.

Ғұмырнамадан егемен еліміздің азаматтарының, әсіресе ғылым жолын тандаған жастардың, үлгі және өнеге алатын тұстары мол.




Мырзахан АХМЕТ. ЖАНЫМНЫҢ АҚ ШУАҒЫ. Өлеңдер, балладалар және әндер. Абай атындағы Қазақ ҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2016 - 280 б.

Белгілі Мәдениет және қоғам қайраткері, журналист, акын, сазгер Мырзахан Ахмет 14 деректі-публицистикалық кітаптың, 2 жыр жинағының авторы. Оның «Жанымның ақ шуағы» деп аталатын бұл жинағына әр жылдары жазған жырлары мен әндері топтастырылып отыр. Сондай-ақ кітаптың төртінші бөліміне М.Ахмет туралы белгілі қаламгерлердің мақалалары енгізілген.




Едихан Шаймерденұлы. Тәңір Жауынгері (әңгімелер жинағы) - Алматы, 2017 - 364 б.

Қолыңыздағы кітапта автордың өз ғұмырынан алынған жеке рухани тәжірибесі әңгімелер түрінде берілген. Қызыл Империя бұғауындағы бодан елде туып-өскен жанның өз халқының қасиетті дәстүрін Ғарыш Зандарымен ұштастыра отырып Қызыл Империяны қалай күйреткені, халқына бостандық әпергені қызғылықты фактілермен баяндалады. Кітап оқырманды үйреншікті 3 өлшемді дүниеден алып шығып 7 өлшемді Ғарышты терең түсінуге жетелейді.




Анаш Д. Алтайдан Алакөлге дейін. Алматы: Arna-b, 2017. — 328 бет.

Бұл кітапқа тартымды табиғат мүйістері мен тамырлы тарихы арқылы шоқтығы биік тұратын Шығыс Қазақстан өңірі туралы қызықты деректер мен дәйектерге толы мақалалар топтастырылған. Автордың туған өлке мен перзент арасында өрілген берік байланыс, нәзік иірімдер көрініс беретін журналистік жазбалары Алтай мен Тарбағатай жерінің ел өміріндегі алатын орнын екшей түседі.




Айтбайұлы Ө. «Тілтiрек». Ой-толғамдар, мақалалар. /Өмірзақ Айтбайұлы - Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2017,- 384 б.

Академик Өмірзақ Айтбайұлының бұл кітабы да бар өмірін қасиетті ана тіліміздің тағдырына арнаған жан тебіренісі. Ол мәдениет, қоғам қайраткерлері туралы сөз қозғаса да, білім, ғылым, өнер туралы толғанса да немесе автор туралы замандастары сөйлесе де қасиетті ана тіліміздің тағдыры тілге тиек етіледі. Кітаптың «Тілтiрек» деп аталуы да сондықтан.




Түсіпбаев Н.Қ. 89 Кен байыту негіздеріне кіріспе: Оқу құрал - Алматы: 2017.-128 б.

Оқу құралында пайдалы қазбалар туралы жалпы түсініктер, олардың жаратылысы, құрамы, байыту көрсеткіштері қарастырылған. Флотациялық байыту әдісі толығырақ жазылған, теориялық негіздері, флотореагенттердің қасиеттері, байыту сұлбалары және флотомәшинелер туралы мәліметтер жазылған. Мыс, мыс-мырыш, корғасын-мырыш кендерінің құрамы, байытылу ерекшеліктері, флотореагенттердің әсері, сұлбалары қарастырылған. Сонымен қатар полиметалдық және алтын кендеріне қысқаша мағлұматтар берілген.



Баданов К.И., Баданова А.К., Баданова Р.Р. Табиғи талшықтарды бояу теориясы мен технологиясы: Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2017. - 203 б.

Оқу құралында текстиль өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшықтардың физика-химиялық негіздері, бояу процесстерінің теориялық негіздері, зертханалық жұмыстардың тапсырмалары және боялған талшық, жіп, тоқыма, мата түстерінің физика-химиялық әсерлеріне төзімділігін сынаудың әдістері туралы мәліметтер келтірілген. Талшықтарды бояу рецептуралары мен режимдері, жұмыстарды орындау үшін әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен бақылау сұрақтары берілген.




Абдукаримова З.Т., Тұрғынбек Г.Р.

Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: Тараз университеті, 2017. -116 б.

Оқу-әдістемелік құрал құқықтану, халықаралық құқық мамандықтарының студенттері үшін «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнінен типтік бағдарламада көзделген Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығының негізгі тақырыптарын қамтиды.


Тиісті құралда Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің негізгі теориялық ережелері ашылып, пәнді тереңдетіп оқу үшін әдебиеттер тізімі және білімді дербес тексеру үшін тест тапсырмалары берілген.



Газаев А.И., Арғынбаева М.М.

Криминалистикалық техника мен тергеу әрекеттерінің тактикасы: Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2017. - 157 б.


Оқу құралы «Криминалистика» пәні бойынша курстық бағдарламаға сәйкес дайындалған. Оқу құралы заң оқу орындары студенттері мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған.



Раимбаев Ә.Т.

Автокөліктерді техникалық эксплуатациялау (теориялық және нормативтік негіздер мен есептік мысалдар). Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2017. -262 б.


Оқу құралында автокөліктерді техникалық эксплуатациялаудың жағдайы теориялық ғылыми тұрғыда қарастырылып негізделген. Автокөліктердің детальдарының тозу механизміне қатысты техникалық жағдайдың өзгеру заңдылықтары келтірілген. Эксплуатациялауда техниканың жұмыс қабілеттілігін қамтамасыздандыру стратегияларына жан-жақты талдау жасалынған. Экономика тұрғысында анықталатын көрсеткіштер жиынтығы топтастырылып мазмұндалған.



Омарбекова М.Т., Кудабаяева А.К., Нурмухамбетова Б.Т.


Дизайндағы ансамбль: Оқу құралы. — Тараз: Тараз университеті, 2017. -117 б.

Бұл оқу құралы ансамбльдің ұғымын ашуға, дизайнерлік шығарманың жоғары және күрделі деңгейлері ретінде ансамбльдің заңдылықтары мен спецификалық ерекшеліктерін тұрғызуға арналған. Оқу құралда ансамбльдің бір ойын біріктіретін, дизайнның нысандарын жасағанда пайдаланатын көркем жобалаудың мәселелері қарастырылған. Осы оқу құралы ансамбльдің қағидасы бойынша техникалық тәсілдерін игеруін және дизайнның заттарын жобалауын қалыптастыруына бағытталған қабілеттілікті ынталандыруын және ассоциативті ойлау жүйесін тереңдетуін дамытады, ептілік пен дағдыны алуға мүмкіндікті туғызады.



Баят Е. Жұмақ ауені. Әңгімелер, хикаяттар/Ерболат Баят. Алматы: «Мерей» баспасы, 2017. 168 - бет.

Кітапқа жазушының соңғы жылдары жазған әңгімелері мен новеллары топтастырылған. Әңгіме-новеллаларында адам өмірінің қалтарыстары, олардың психолоғиялық күйлері, бастан кешкен тағдыр өткелдері, тарихи өмір шындығы көркемдік тұрғыдан игеріле отырып жақсы суреттелген.



Ерболат Баятұлы. Уақыт бедері. - Алматы, 2017.-203 б.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Ерболат Баяттың «Уақыт бедері» атты жыр жинағына соңғы жылдары жазған өлеңдері топтастырылған. Акын өлеңдері қоғам, табиғат, адам және оның өмірі туралы сыр шертеді. Адам жанының қалтарыстарын, сезім сырларын, ой қатпарларын сыршыл лиризм мен көтеріңкі пафоста жырлайды.

621
С - 37

Т.А. Сералиев

**ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ
РАДИОЭЛЕКТРОНИКА
НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

Тараз, 2017

Сералиев Т.А.

Электроника және радиоэлектроника негіздері: Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2017. - 271 б.

Оқу құралында электроникалық аспаптары мен құрылымдық элементтердің негізгі сипаттамалары және олардың құрылыстары, түрлері және жұмыс істеу тәртіптері қарастырылған.

СС4
Т-48

М.Б. Тлебаев

**«LINUX»
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
ЖҮЙЕСІ**

пәні бойынша зертханалық жұмыстарды орындауға арналған оқу-әдістемелік құрал

Тараз, 2017

Тлебаев М.Б.

«Linux» операциялық жүйесі. Зертханалық жұмыстарды орындауға арналған оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: Тараз университеті, 2017. -87 б.

Әдістемелік құралда Linux операциялық жүйесінде жұмыс жасау негіздері қарастырылған. Linux операциялық жүйесінің негізгі түсініктері және дербес компьютерде Linux операциялық жүйесінің командаларымен, қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу жолдары келтірілген.

Linux операциялық жүйесін орнату жолдары баяндалған.




Нарымбетов Ә.К. Әдеби өмір шежіресі. 2005-2007. Қайта басылым. Жетінші кітап / Бас ред. филол. ғ.д. Г.Ж. Орда. Жауапты ред. Қ.Е. Қаймақбаева, «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапхана меңгерушісі. - Алматы, 2018. - 120 б.

"Әдеби өмір шежіресі" атты жетінші кітапта 2005-2007 жылдар арасындағы Республикадағы әдеби өмірдің шежіресі беріліп отыр. Шежіреде аса маңызды деген оқиғалар, әдеби фактілер қамтылды. Бұл кітап қайта басылым болып табылады.




Сәбден Оразалы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Қураст.: Н.Ж. Бірімбетова, э.ғ.к., доцент, А.Н. Мұратова, ҚР БҒМ ҒК Экономика институты. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Белгібаева, А.Ж. Сақанова. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасы, 2017. -232 б.

"Қазақстан ғалымдар биобиблиографиясы" сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Халықаралық жаһандық зерттеу академиясының, Халықаралық инженерлік және ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Парламентінің 4 дүркін депутаты, Қазақстан Ғалымдар Одағының Президенті, экономика ғалымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбденге арналған.



Керімбай Санжар. ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ БОЛУ: Отбасы хрестоматиясы. Санжар Керімбай. - Алматы: «Орхон» Баспа үйі, - 2016.-176 б.

Кітапта Санжар Керімбайдың логотерапия идеясында жазылған мақалалары жинақталған. Автор логотерапия ғылымындағы ауыр түсінік пен терминді қазақы формада тілге жеңіл етіп, қарапайым әңгіме жанрында түсіндірген. Франкл, Юнг сияқты психологтардың идеясын, негізгі ойын қарапайым түсінікте баяндайды.



Жайлыбай К.Н. Ағаш өсімдіктерді өсірудің әдістемесі мен жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу / Оқу құралы/- Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. 2017. — 66 бет.

Әлемдік жылу процесінің және шөлейттену үдерісінің алдын алу үшін және Қазақстан территориясында ауа бассейнін тазартып, экологиясын жақсарту мақсатында өте күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін ағашты өсімдіктерді алдағы 40-45 жыл бойы үздіксіз әрі көптеп өсіру керек. Жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеуде мұның мәні орасан зор. Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень, тағы басқа ағашты өсімдіктерді өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалып ұсынылады.




Жайлыбай К.Н., Раймқұлова С.Қ. Ж 19. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі (Қазақша, орысша, ағылшынша). Оқу құралы/ Жайлыбай К.Н., Раймқұлова С.Қ.-Алматы: Қыздар университеті, 2017,- 127 б.

Экология ғылымы ХХІ ғасырда қарқынды дамуда, ғылыми материалдар, оқулықтар мен оқу құралдары көптеп және әртүрлі тілде жариялануда. Оларды игеру үшін елімізде үш тұғырлы тіл идеясы енуде. Осыған сәйкес, әдістемелік оқу құралында экология терминдерінің түсіндірме сөздігі үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) берілген.



Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі. - Алматы: «Өнер» ЖШС, 2017. - 288+32 ж.б., суретті, деректі, құжатты.

Ғылыми жинақта Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жалпы ахуалы, келелі мәселелері, ғалым мұрасының зерттелуі мұрағат деректері негізінде баяндалған.




Насрулла Мубашшир ат-Тарази.

Түркістан: Өткені және бүгіні /ауд. Палтөре Ы. - Алматы, 2017. 464 б.

Кітапта Түркістанның (Орта Азия мен Қазақстан) географиялық ерекшеліктері, Кеңес үкіметіне дейінгі ахуалы, сондай-ақ ислам дінінің насихатталуынан бастап Кеңес үкіметі құлап, тәуелсіз елдер ретінде танылғанға дейінгі тарихы жалпыға түсінікті тілмен баяндалған. Берілген тұжырымдардың барлығы нақты мәліметтермен дәлелденген. Сондай-ақ тарихқа қатысты көтерілген мәселелер шынайы құжаттар мен шынайы фотосуреттерге негізделген.

Еңбек - ғалымның өз халқына, тұтастай Түркістан өлкесіне жасаған баға жетпес тартуы. Автордың өзі «бұл кітап арқылы Түркістан халқы өз елінің шынайы тарихы ислам дінімен, әрі оның ұлы негіздерімен біте қайнасып жатқандығына куә бола алады.

ҚҰЛЖАБАСЫ СІЛЕМІНІҢ ЖАРТАС ӨНЕРІ
А.Сәдуақасұлы, Б.Железняков, Л.Херманн. Фотоальбом / Қорық-
музей «Таңбалы». - Алматы: «Жамбыл» басп. 2017. - 240 б.



Қазақ, орыс, ағылшын тілінде.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген міндеттерге орай «Қазақстан сакральды географиясы» Жобасын жүзеге асыруға байланысты Қазақстанның жартас өнері кереметтерінің бірі осы фотоальбомда қалың көпшілікке таныстырылады. Мұнда жауһарлар 4 мың жыл бойы қалыптасты, енді көпшілік ортаға жақсы таныс суреттер туралы мамандар ұзақ уақыт бойы пікірталастар жүргізетін болады.

Тарихи-мәдени терең мазмұнды мәдени-табиғи ландшафтардың феномені таяу уақытта қалың көпшілік тарапынан зор қызығушылыққа ие болады.




**ӘСЕТ МҰРАСЫ - АСЫЛ МҰРА. Құраст: - Асқар Игенұлы
- Алматы: «Мерей» баспасы, 2016 — 452 бет.**

Белгілі журналист, фольклоршы, әсеттанушы - Асқар Игенұлы көп жылдар бойы Әсет Найманбайұлының шығармашылығын зерттеумен және жинастырумен айналысып келді. Бұл кітапқа Ә.Найманбайұлының бұрын-соңды жарияланған және еш жерде жарық көрмеген, тек халық арасында таралып жүрген өлеңдері мен айтыс, әндері де енгізілген.



Қайыров Е. Сағым жылдар Екібастұз-2016.-336 б.


Бұл кітап Тегістік ауылының қалай құрылғаны, дамығаны туралы айта келіп, елін, жерін сүйген, азаттық үшін қаншама ғасыр жанқиярлықпен өмір өткізген батырлар мен ауылының дамуына сүбелі үлесін қосып, талай қиын-қыстау заманды бастан кешірген адамдардың өмірі, олар туралы ел аузында калған аңыздар, әңгімелер туралы сыр шертеді.



Мұсатаев С.Ш.

Еуразиялық экономикалық одақ: мәселелері мен келешегі: монография / С.Ш. Мұсатаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 212 б.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография Еуразия кеңістігіндегі жаңа өңірлік бірлестік - Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы мен қызмет етуі барысында орын алып отырған өзекті мәселелерді саяси талдауға арналған. Посткеңестік елдерді ынтымақтастыққа шақырып, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықты дамытуға күш салып келе жатқан Қазақстан Республикасының ЕАЭО құрылуындағы рөлі, тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың еуразияшылдық идеясын жаңғыртып, экономикалық одақ түрінде шынайылыққа айналдырудағы саяси қызметі қарастырылады.



Аспантаудың ақиығы: Естеліктер. (Құрастырып, түсініктерін жазған Ерлан Мұқай). - Алматы: 2018. - 176 бет.


Құрметті оқырман! Қолдарыңыздағы кітап көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқайдың өмірі мен шығармашылығына арналған ұжымдық жинақ. Мұндағы естеліктер мен мақалалар авторлары ардақты азаматты жақсы білетін әдебиет ақсақалдары мен замандастары және кейінгі толқын інілері.



Бекзат болмыс. Естеліктер жинағы. - Алматы, 2018. - 304 б.


Кітап «КСРО Денсаулық сақтау үздігі», «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қызылорда облысы, Шиелі ауданының «Құрметті азаматы», ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталған Қазақстанның фармацевтика саласының саңлағы Ержан Қалекеевтің өмір жолына арналған.

Басылымда еңбек жолын аудандық дәріханалар меңгерушілігінен бастап, Қызылорда облыстық дәріханалар бірлестігі, республикалық өндірістік «Фармация» бірлестігінің бас директоры қызметіне көтеріліп, кейін «Шипа» өндірістік акционерлік қоғамын басқарған іскер басшы, өз ісінің майталманы Ержан Қалекееұлы жайлы әріптестерінің, достарының, туыстарының және тағы да басқа көзін көрген азаматтардың естеліктері жинақталған.




«Алаш» қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш = Движение «Алаш»: история и современность: библиографический указатель / Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы; құраст.: Д.Ә. Қыстаубаева, М. Оқап; ғылыми ред. С.А. Жүсіп, ред.: М.К. Әбілова, Ә.Ш. Сәйдембаева.- Алматы, 2017 - 367 б.

Көрсеткіште Алаш қозғалысы тарихына қатысты 1908 жылдан 2017 жылдың қыркүйек айына дейінгі әдебиеттер қамтылды. Ол қазақ және орыс тіліндегі екі бөлімнен тұрады.




Мұсатаев С.Ш. «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы: монография / С.Ш. Мұсатаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2017,- 152 б.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) сабақтасуы барысында орын алып отырған өзекті мәселелерді саяси талдауға арналған. Әлем елдерін бірлесе дамуға шақырып, халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бастама жасап отырған ҚХР мен ЕАЭО мүше-елдерінің қарым-қатынастары қарастырылады. «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде жүзеге асуда. Мұндай біріккен халықаралық жобаның мәселелерін талдап, келешегін болжаудың маңызы зор.



Мұсатаев С.Ш. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі: оқу құралы / С.Ш. Мұсатаев. - Алматы, 2017. - 240 б.


«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі» оқу құралы еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмдері, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері туралы студенттерді жалпы біліммен қамтамасыз етуге арналған. Әр тараудың соңында бақылау сұрақтары, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген.



Юнус Эмре.

Жырлар / Аударған М. Отарбаев/ - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018. - 448 б.


Сопылық поэзияның аса көрнекті өкілдерінің бірі Юнус Эмренің жырлары толыққанды түрде қазақ тіліне тәржімаланып, тұңғыш рет қазақ оқырмандарына жол тартып отыр. Ақын жырлары бұл дүние қызықтарының бір сәттік өткінші екенін, мәңгіліктің тек Алла жолында ғана екендігін насихаттайды.



Оразалин Н. Көкжал дәуір: таңдамалы жырлар/ Нурлан Оразалин. — Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. — 344 б.


Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалиннің «Көкжал дәуір» — «Время волчица» деп аталатын қазақ және орыс тілдеріндегі жаңа таңдамалы жыр жинағына соңғы ширек ғасыр ішінде жарық көрген «Адамзатқа аманат», «Ғасырмен қоштасу», «Құралайдың салқыны», «Аспантаудан ауған күз», «Тәңірмен тілдесу» сияқты бес жыр жинағынан аударылған өлеңдер енгізілді.

Көрнекті қазақ ақынының 70 жасқа толған мерейтойына орай жарық көріп отырған бұл жинаққа өзіндік поэтикалық балама ретіндегі 70 өлең қазақ және орыс тілдерінде беріліп отыр.




Алаш қозғалысы және оның Жетісулық қайраткерлері (Құжаттар мен материалдар жинағы) Жауапты құраст.: А. М. Каипжанова-Алматы.: 2017.- 145 бет.

Бұл басылымға Алматы облысының мемлекеттік архивінің жеке қор иесі көрнекті ғалым, Алаш тарихының білгірі Кеңес Нұрпейістің Алаш қозғалысының тарихы мен оған қатысқан зиялылардың репрессияға ұшырауы және олардың ақталғанға дейінгі тағдыры туралы жазған еңбектері мен баспасөзде жарияланған зерттеу мақалалары және Жетісу облыстық Алаш Кеңесінің архив құжаттары мен Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған тарихшы ғалымдардың мақалалары жинақталып отыр.



ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ Тынымбай.
**ШЫРҒАЛАҢ. Роман/ Тынымбай Төлепбайұлы - Алматы. Мер-
PRESS баспасы, 2018 - 380 б.**

Жазушы Тынымбай Төлепбайұлының «Шырғалаң» атты романы кешегі кеңестік кезеңді суреттейді. Шығармада жас маманның алғашқы еңбек баспалдақтары, басынан кешкен қызықты оқиғалары, сезім толғаныстары шебер суреттеледі; социализм дәуірінің күйреу себептері талданып сараланады. Роман кейіпкерлерінің сүйініш-күйініші, тағдыр-талайы әдемі баяндалып оқырманды ойландырады.



Әбдіраштың Ж. Қалдырған ізің мәңгілік. Естеліктер, эсселер, арнау өлеңдер./Ж. Әбдіраштың -Алматы. «Мер-PRESS» бапасы, 2018 - 248 бет.

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, өлең сөздің хас шебері Жарасқан Әбдіраш жайлы белгілі әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының, қаламдас аға-інілерінің, дос-жарандарының, аяулы жары мен перзенттерінің жүрекжарды лебіздері мен ыстық сағынышқа толы естеліктері еніп отыр. Ақындық және азаматтық болмысы біте қайнасқан сан қырлы талант иесі, қайталанбас дара дарын Жарасқан Әбдіраштың шығармалары ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы болып қала береді.




МЕҢДІҒАЛИ Т.

СОҢҒЫ ЖИҒАНГЕР. Әңгімелер мен хикаяттар/ Т.Меңдіғали- Алматы. «Мер-PRESS» баспасы, 2018- 190 б.

Жазушы Төлеміс Меңдіғалидың бұл жинағына бір топ әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Алғашқы әңгімелері облыстық, республикалық баспасөзде жарық көрген. «Арман қанаты» жинағына бірнеше туындылары кірген.

Автордың бұл жинағына жастар өмірі, махаббат, сүйіспеншілік достық, адамгершілік тақырыптары өзек болған. Жазушының жазу стилі, баяндау мәнері, оқиғалар желісін құруы - қаламгердің өз қолтаңбасы қалыптасқандығын айқын аңғартады.



ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ Тынымбай.

ҒАСЫР ҮНІ. Деректі роман/ Т. Төлепбайұлы, Г. Әшірбаева - Алматы. Мер-PRESS баспасы, 2018 - 380 б.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Тынымбай Төлепбайұлы мен жас жазушы Гүлдария Әшірбаеваның бірлесіп жазған бұл романында, кеңестік идеология мен коммунистік жүйеде өмір сүрген адам тағдыры жөнінде айтылып, алыс ауылдардағы шаруасы шатқаяқтаған шаруашылықтардың тәуелсіздікке дейінгі хал-ахуалы бүкпесіз суреттеледі.



Сәттібайұлы К.

Сумен жазылған өлең./ К.Сәттібайұлы. - Алматы, Айғаным, 2018. - 380 бет.

Жазушы Көсемәлі Сәттібайұлының бұл жинағына бір топ әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Қаламгердің туындылары тақырыптарының алуан түрлілігімен, көркемдік ерекшеліктерімен, сананы сілкіңтер соны ойларымен дараланады.

Автордың баяндау мәнері, сөз қолдануы, теңеулері оның өзіндік қолтаңбасын айқын аңғартады.